

ҚАЗАҚСТАН-ТҮРКИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ҒАСЫРЛАР ҚОЙНАУЫНАН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН

Роза СИДЕШОВА *

Түйіндеме: Мақалада Байкалдан Балқанға дейін ұлан-ғайыр аймақта ерте заманнан мекендеп, батыс пен шығысты жалғаған түркі халықтарының оның ішінде бүгінде Анадолыдағы түріктер мен атажұрттағы қазақтардың арасындағы байланыс әңгіме болады. Сан ғасырлар мен саяси қозғалыстар, аумалы төкпелі замандар өтсе де, түбі бір түркі жұртының арасындағы байланыс үзілмегені мысалдарды көптеп айтуға болады. Оғыз тайпалары таңбаларының Маңғыстау жерінде өте көптеп кездесетініне дәлелдер келтіріледі. Қазақ хандары мен Осман империясы арасындағы, Алаш зиялылары мен түрік оқығандарының арасындағы байланыстар, Мағжанның «Алыстағы бауырыма» деген өлеңінен үзінді келтіріледі. 30-жылдардағы нәубеттен кейін шет жаққа қиындық көрген қазаққа туысқандық құшағын жайған түріктер екендігі айтылады. Мақалада ғалымдар С.Әжіғали, З.Самашев, И.Ерофеева сияқты ғалымдардың еңбектері пайдаланылған.

Тірек Сөздер: *Оғыз, Қайы, Қазақ-Түрік Қарым-Қатынасы, Алыстағы Бауырыма.*

Kazakhstan-Turkey Relations: From the Beginning of the Centuries to the Present Day

Abstract: The article talks about the relationship between the Turkic peoples who have lived in the vast region from Baikal to the Balkans since ancient times and connected the West and the East, including the Turks in Anatolia and the Kazakhs in their homeland. Many examples can be given of the fact that even though centuries and political movements and turbulent times have passed, the connection between the Turkic people has not been broken. There is evidence that the symbols of the Oghz tribes are found in Mangistau in large numbers. Relations between the Kazakh khans and the Ottoman Empire, between Alash intellectuals and Turkish scholars, are quoted from Magzhan's poem "My distant brother". It is said that the Turks extended their kinship arms to the Kazakhs who faced difficulties abroad after the war in the 1930s. The article uses the works of scientists such as S. Azhigali, Z. Samashev, I. Erofeeva.

Keywords: *Oguz, Kayi, Kazakh-Turkish Relations, My Distant Brother.*

Кіріспе

Көк Тәңіріне табынып, көк бөріні қасиет тұтатын түркі халықтары ғасырлар тоғысында өз тамырын тереңге жайып үлгерді. Түркі тілді әлем сөз болғанда, кең байтақ Еуразия құрлығын мекендейтін бауырлас халықтар көз алдымызға келеді.

Байкалдан Балқанға дейін ұлан-ғайыр аймақта мекендеп, батыс пен шығысты жалғаған, бүгінде дүниенің түкпір-түкпіріне тарап кеткен түркі тектес халықтардың түп тарихынан сыр шертетін байырғы түркі тайпаларының таңбалары мен символикалық белгілері Қазақстанның қай жерінде де көптеп кездеседі.

Соның ішінде Оғыз тайпаларының басым көпшілігінің таңбаларының Маңғыстау жерінде көптігі туралы ғалымдар Әжіғали мен Самашев зерттеулерінде ертедегі маңғыстаулық ескерткіштерде салор, чоудор, қайы, баят, жауындыр т.б. секілді тайпалардың белгілері табылатынын жазады.



Баяндыр тайпасының таңбасы, Аусар тайпасының таңбасы, Игдыр тайпасының таңбасы

* Есенов Университеті



Солор тайпасының таңбасы, Қайы тайпасының таңбасы

Маңғыстаудың ойы мен қырында көпке беймәлім әлдеқашан қына мен мүк басып кеткен қойымшылықтың көптігіне қарап, көзден де, көңілден де әлдеқашан кетіп ұмыт болған тарихи оқиғаларды, шертілер аңызды мүк басып, қож-қож болған құлпытастар ғана ұмытпағанын білесіз. Жүздеген жылдар бойы табиғаттың желі мен жаңбырына, дауылына міз бақпай әлі қарсы тұрған осы көненің көзі туралы Әбіш Кекілбайұлы: «Зират салуға көшпенділер үлкен маңыз берген. Зираттық ескерткішке үңілген сайын бұл аймақта қай дәуірде қандай тайпа мекендегенін, оның қандай саяси оқиғаны бастан кешкенін, әл-ауқаты, мәдени өрісі қандай дәрежеде болғанын ұға аласың. Көшпенділер өз тарихын қағазға сенбей, тасқа сеніп тапсырғандай», - дейді.

Осы орайда мына бір сөз ойға оралады:

Тарихы бар халық тарихын тасқа жазады,

Тарихы жоқ жаспен жуады.

Өлке жерінде мыңдаған жылдар бұрынғы мұндай оғыз таңбалы құлпытастардың көптеп кездесетіндігін зерттеуші Нұрлан Құлбай: «Оғыздардың Баяндыр мен Афшар, Додурға, Игдир тайпаларының таңбалары Жиделідегі, Салур тайпаларының таңбалары Бірқарындағы, қайы, чавулдур тайпасының таңбалары Сисем ата, Шейх ата қауымдарында көптеп кездеседі» дейді. Оғыздың қайы руының таңбасы Маңғыстау аймағында ең көп тараған таңбалардың бірі. Бұл таңбалардың аналогтары Анадолы түбегіне дейін тараған,

Жергілікті тарихшы Отыншы Көшбаев ағамыздың мақаласынан үзінді келтіре кетсек: Түріктің «Ертұғырыл» фильмінің бас режиссері Метин Гюнай тарихи кино түсіру мақсатында Маңғыстауға келген сапарында Қорған қолтықтағы ежелгі бекініс орнына, оғыздың қайы тайпасының таңбалары салынған құлпытастарды көруге қызығушылығын білдіріп, ежелгі қойылымшылықты, бір кездегі адамдардың тұрағының орнын ұзақ аралады,.. Биік таудың басынан төменде көсіліп жатқан Жыңғылды мен Ұланақтың ойына қарап тұрған Метин Гюнай:

- Мына құлпытастың астында бұдан мыңдаған жылдар бұрынғы менің ата-бабамның сүйегі жатыр. Өмірде ештеңе мәңгілік жоғалып кетпейді, артына із қалдырады. Бәлкім бір ұрпағының келгенін сезіп те жатқан шығар, құран оқып жіберейін,-деп тізесін бүкті.

Кетер шақта Метин Гюнай:

-Бұл жерге ғылыми зерттеу жүргізіп, бекіністерді қайтадан қалпына келтірсе кейінгі ұрпақ үшін көрсетер жолы, тағылымы көп болар еді,- деген болатын.

Ертұғырылдың туында белгіленген қайының таңбасы теңіздің шығыс жағалауынан Үстірт жазығының солтүстік-шығыс ернеулеріне (Сақакұдық қабірі, Көкжал қамалы, Қарақабак, Уәлі керуен сарайы, Сисем ата қауымында) кездеседі.

Ғасырлар өтсе де, түбі бір түркі жұрты бір-бірінен ажырамағандығын тарих көрсетіп келеді.

Қазақ хандығы кезінде де Осман империясымен арада байланыс болғандығын ғалым И.Ерофееваның деректерінен көреміз: Тәуке ханның ұлттың бірлігін, болашағын ойлап, Осман империясының сұлтанына жазған хаттың қысқа мазмұны: «Кезінде ен жайлауда қоныс болған түркі жұрттарына бүгінде қалмақтар шауып мазасын кетіріп жатыр. Қазір олардың жерін (Еділ мен Жайық жағындағы) орыс патшасы жаулап, дінсіз қылып жатыр. Егер мәртебелі сұлтан әскер шығарса қазақтардың қолын бастап шығар едім. Орыстардың бұл жосықсыздығын тоқтатар едік». Осындай тақырыпта 18 ғасырда Қазақ сұлтаны Қайыптың да Осман сұлтаны Ахмед III-ке жазған хаты белгілі.

Қаншама ғасырлар мен саяси қозғалыстар, аумалы төкпелі замандарға қарамастан, түбі бір түркі жұртының арасындағы байланыс үзілмегенінің тағы бір дәлелі 1907 жылы ұлт көсемі Ә.Бөкейхановтың тікелей тапсырмасымен қазақ зиялылары атынан Шәймерден Қосшығұл Түркияға арнайы барып, 1908 жылы үкімет басшыларымен, сұлтан абд-аль-Хамидпен кездесіп, Стамбулдың беделді газеттерінің бірінде қазақ елінің ауыр жағдайы туралы мақала жариялаған. Мақсат – қазақ елінің қарапайым құқығының тапталғанына, Ресейдің шоқындыру және қоныстандыру саясатының асқынғанына әлем назарын аудару болатын.

Түркияға барған қазақ зиялыларының бірі - Стамбулда «Жаңа Түркістан» журналын шығаруға қатысқан М.Шоқай еді. «Ататүріктің реформалары» деген мақаласында ұлтты құтқару және сыртқы жауды жеңу керек деген идеяларын жазды.

1926 жылы Бакуде өткен Бірінші Түркологиялық конгресс барша түркі халықтарының әлеуметтік және мәдени өмірінде ірі бетбұрысқа айналған елеулі оқиға саналды. Қазақ делегациясын бастап барған А.Байтұрсынұлы «Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қиыр Күншығыстағы Жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе жүз көріп танысты», деп ағынан жарылып жазады.

Ал Баку құрылтайына Анадолыдан келіп қатысқан Көпірлі-заде мен Хүсейін-заде Ахмет Байтұрсынұлының құрылтайда айтқан бағдарламалық тұжырымдарымен терең танысып, құрылтайдан кейін Фуад Көпірлі-заде Түркістан түріктерінің тіл, әліпби, мәдениет саласындағы ірі реформаларын ұлт көсемі Мұстафа Кемал Ататүрікке таныстырғаны белгілі. Соның әсері болса керек, Ататүрік Түркология институтын құрып, оның алғашқы басшысына Ф.Көпірлі-задені сайлап, Түркияда тіл, емле, әдебиет пен өнер бағытында түбегейлі бетбұрыстар жасады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ой ұшқыны Анадолы еліне шапағын шашқан деуге негіз бар.

Алайда, Баку съезіне қатысушы қазақ зиялылары түгелдей кеңес үкіметінің қуғын-сүргініне ұшырап, түгелдей атылды.

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев – ұлттық ояну дәуірінің басты қайраткерлерінің бірі. Оның жүрегінде бостандық үшін күрескен күллі түркі жұртының қайғысы бар еді. Шанаққалада қан кешіп жүрген түріктерге арнап, «Алыстағы бауырыма» өлеңін жазған сәтте оның туған қазақ халқы да езіліп-жаншылып жатқан болатын. Анадолыдағы бауырларын рухани қолдап, жыр жазған Мағжанның бұл өлеңі бауырлас елдер рухани тұрғыдан бір-біріне қолдау беру арқылы ғана қайғыны бірлесіп жеңетінін дәлелдеп берді.

Кеңес үкіметінің қысымына төзбеген, 20-30 жылдары жан сауғалаған қазақтың қуғынды көші еріксіз ата мекеннен – Қазақ жерінен, Алтайдан Анадолыға 10 мың шақырым босқан қазақ қу мекиен Гоби, Тақламақан шөлдерінен, Кунлун, Гималай тауларын асып, толарсақтан қан кешкен көш жолда мыңдаған адамынан айрылып,

Үндістан, Пәкістан сияқты елдерде жүрген қазаққа Ататүрік мемлекеті ғана қолын созды. 1954 жылға дейін көшкен босқын қазақ Түрік еліне жеткенде ғана армандарындағы бейбіт жерге келіп, бақытты тіршіліктерін бастады.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіздігін жария еткеннен кейін бірінші болып тәуелсіздігімізді мойындаған алғашқы ел Түркия Республикасы болғаны да бізді қуантады.

Қорытынды

Екі мемлекеттің қарым-қатынас бастауы тереңде, түбі бір туыстығында, біртұтас рухани негізде көрініс тауып келеді..

Қазақстан – Түркия арасындағы байланыстың бір көрінісі - Есенов университеті мен Түркия университеттері арасындағы байланыстың жылдан жылға нығайып келе жатқанының бір дәлелі: Биыл Тарих мамандығын бітірген ең үздік 3 студентіміз Түркия университеттеріне магистратурада оқуларын жалғастырса, 2-4 курс студенттері университетіміздің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Нийде университетінде оқып жатыр.

Ортақ арнадағы діліміз бен тілімізден, тарихи тамырларымыздан, ортақ мирасымыздан бастау алған жастарымыздың түбі бір, тілі бір түркі тарихын зерттейтініне, екі ел арасындағы достық, туыстық қатынас нығая беретініне сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

- С.Әжіғали (2002), Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии Алматы, НИЦ «Ғылым»
- З.Самашев, Н.Базылхан (2010), Көне түрік таңбалары Алматы.
- И.Ерофеева (2014), Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821гг. Сборник исторических документов в 2-х томах Алматы, АО «АБДИ Компани»
- Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы (2014), Алаш қозғалысы Алматы, Сардар баспа үйі.
- Н.Құлбаев (2015), Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштеріндегі араб графикалы мәтіндердің анықтамалығы Алматы Бабамұра.
- Артықбаев Ж. (2007), Қаңға баба – Маңғыстаудың ерте тарихының ескерткіші Алматы.